

ӘОЖ 81

ГТАХР 16.21.49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.014>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ НУМЕРАТИВ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМ

***Кыдырмолдина Э.Т.¹, Карбозова Б.Д.², Рыспанова Ә.Ә.³, Сөйлемез О.⁴**

***^{1,2}Қ. И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы, Қазақстан**

³С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Алматы, Қазақстан

⁴Университет Кастамону, Кастамону, Түркия

Аңдатпа.Тұрақты сөз тіркестері ұлттың мәдениетін, тұрмыстық қалпын, дәстүрі мен салтын,әдеті мен ғұрпын, дүниетаным сонылығын айқындайтын тіл білімінің ерекше саласы. Қазіргі тіл білімінде тұрақты сөз тіркестерінің лингвомәдени сипатын ашу аса маңызды. Мақаланың кіріспе бөлімінде сан компонентті тұрақты сөз тіркестерін зерттеудің маңызы туралы айтылған. Зерттеудің мақсаты – ағылшын тұрақты сөз тіркестерінің лингвомәдени сипатын ашу, ағылшын тіліндегі бір саны мен он саны аралығындағы сандар ұйытқы болған фразеологизмдердің жағымды және жағымсыздық коннотациясы, көркемділігі мен метафоралық ерекшеліктерін айқындау. Зерттеу жұмысының мақсатына жету барысында бірнеше ғылыми бағыттар, яғни киелі мағынаға ие лексемалардың қолданылу жиілігі, лексика-семантикалық мазмұны мен стильдік реңктері зерттелді. Фраземалардың лингвомәдени статусы анықталып, жағымды және жағымсыз коннотациялары, метафоралығы мен образдылығы бағаланып, ағылшын тілі идиомаларының функционалды-семантикалық өрістері арасындағы ассоциативті байланыстар ажыратылды. Әрбір тіл білімінде тұрақты сөз тіркестерінің тарихы мен әлеуметтік табиғатын , мәдени және діни табиғатын ашу үшін лингвомәдени әдісі жүзеге асатыны белгілі. Сондай-ақ, зерттеудің әдіснамасы лексика-семантикалық әдіске негізделді. Мақалада дүниенің фразеологиялық суретіндегі фразеологиялық бірліктердің баламалылығы және лакуналардың қалыптасу мәселесі қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде ағылшын тіліндегі елу жеті сан компонентті тұрақты сөз тіркестері талданды. Соның ішінде, отыз екі тұрақты сөз тіркесі жағымды мәнде, жиырма бес тұрақты сөз тіркесінің жағымсыз мәнде қолданылатыны анықталды. Мақаланың зерттеу объектісі-лексикографияда жұмсалынатын және лингвомәдениеттануда зерттелінетін сан компонентті лексемалы тұрақты сөз тіркестері.Зерттеу жұмысында ағылшын тіліндегі сан компонентті фразеологизмдер, оның ішінде бірден онға дейінгі тұрақты сөз тіркестері сипатталынып, семантикалық мәні ашылып, лингвомәдени талдау негізінде зерттелінді. Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңызын өзге тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеуде, тұрақты сөз тіркестерінің лингвомәдени тұрқын қалыптастыру

мен лингвокультуремаларды даралауда, аударма саласында пайдалануға болады. Мақаланың құндылығы – ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің лингвомәдени, ұлттық ерекшеліктері, фразеологизмдер қорының жағымды-жағымсыздық мәнде қолданылуы мен таным деңгейінде саралануы болып табылады.

Тірек сөздер: сан, киелі ұғым, ұлттық ерекшелік, фразеологизм, жағымды, жағымсыз, коннотация, жиілік

Кіріспе

Сандар жүйесі кез-келген ұлттың дүниетанымының көрінісі мен белгісі. Сан компоненттерімен ұшырасатын фразеологизмдерге халықтың наным-сенімдері, салт-дәстүрі, әлемді тануы мен қабылдауы, аңыз-әңгімелер мен мифтер, ақындар мен жыраулардың, би-шешен, суырып салма адамдардың айтқандары негіз болған. «Сан жүйесіндегі тұрақты тіркестердің ұзақ дәуір барысында алдымен еркін тіркес ретінде, одан этнофразеологизмге айналу үрдісінде мағына жағынан дамып, өзгеріске түсіп, әр дәуірдегі халықтың ой-санасына сай нақты өмір шындығынан көруі байқалады. Кейбір сан есім ұйытқы болған тіркестердің бұл күндегі қолданылуы, яғни беретін мағынасы мен ертеректегі қолданысы бірдей еместігі байқалады» [1, 28 б.]. Осыған байланысты тұрақты сөз тіркестерінің негізі еркін сөз тіркестерінен бастау алатынын қолдаған зерттеуші Ә.Хазимова: «Тұрақты сөз тіркестерін зерттеудегі басты назар аударатын тұс-олардың еркін тіркес негізінде пайда болуы. Қазір тұрақты тіркестердің еркін тіркес түріндегі бастапқы мотивтері бұрынғы салт-дәстүр, наным-сенім, өнермен бірге көмексіленіп кеткен. Солардың мағыналарын ұлттық мәдени негіздерге сүйене отырып, фразеологиялық мағына болып қалыптасуын ашып көрсету басты мақсат» [2, 37 б.] – дейді.

Осылайша, тұрақты сөз тіркестері сан мыңдаған жылдарды басынан өткере отырып, еркін сөз тіркесі іспетінен тұрақтылық сипат алып, бүтін күйінше жұмсалуды дәрежесіне дейін көтеріледі. Ә.Қайдардың айтуы бойынша, «фразеологизмдерді зерттеуде этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – олардың ауыс мағынасында қолданылу мотивтерін түсіндіру» [3, 303 б.].

Коммуникативті тіл білімі үшін фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты мен тілдік актілерде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінің мол қорын зерттеу – аса күрделі әрі маңызды мәселе. Фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты түрлі экстралингвистикалық факторлар негізінде жасалынады. Қолданыс барысында ұлттың тілдік қуатын, менталитетін, өзге тілдермен байланысын белгілейді. Жаһандану дәуірінде қандай да бір тілді үйрену мен меңгеру сол тілдің мәдени, тарихи, әлеуметтік болмысын зерттеу мен айқындаудан бастау алады. Лингвомәдениет архетип, ассоциация, концепт, шаблоннан құралатындықтан тілдік қолданыс пен кез-келген мәтіндегі аталған компоненттерді ажырата білу мен анықтай алу аса маңызды мәселе болып табылады. Мәдени код пен сандық атаулардың

ассоциативті байланысын құру – жаңа лексемалар мен тілдік шаблондарды меңгеру үшін өте қажет.

Сандар ежелгі заманнан бері киелі ұғымға телінген. «Под компонентом *числительное* мы понимаем часть речи, характеризующаяся обозначением отвлеченных чисел или количества предметов и их порядка по счету, почти полным отсутствием категорий рода и числа и особыми формами склонения и словообразования, и способностью сочетаться в качестве количественного определителя только с именами существительными» [4,142 б.]. Тұрақты сөз тіркесінің құрамында тұрақталған сан есім өзінің сандық мәнінен түбегейлі айырылады, абстрактіленіп, өте аз мөлшерді немесе тым көп мөлшерді білдіреді, тіпті мүлдем сан мағынасын көрсетпейді. Мақаладағы фразеологизм терминін анықтауда А.В. Куниннің анықтамасына сүйенеміз: «*Фразеологизмы* — это устойчивые сочетания слов с осложненной семантикой, не образующиеся по порождающим структурно-семантическим моделям переменных сочетаний» [5,85 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақаланың методологиялық базасы лексико-семантикалық, лингвомәдени талдауға негізделген. Лингвистикалық зерттеу жүргізу үшін қажетті бұл талдаулар мәдени, тарихи, әлеуметтік (экстралингвалды), тілдік форма (интралингвалды) сияқты факторларды зерттеуге бағытталған әдістермен қатар жүргізілді. Аталған факторлардың ағылшын тілі тұрақты сөз тіркестерінің көркемдігі мен құрылымына, мағынасына тікелей әсер етері даусыз.

Ағылшын тұрақты сөз тіркестерінің тарихи, әлеуметтік, мәдени, діни табиғатын талдау үшін лингвомәдени әдіс қолданылды. Ұлттың мәдени кодын зерттеу киелі сандар мен жиі қолданылатын сандарды айқындаудан басталды. Семантикалық трансформация мен өзге лексемалар мен сандар арасындағы ассоциациялық байланыстарды зерттеуде лексико-семантикалық әдіс қолданылды. Әрбір сан жағымды-жағымсыздық коннотациясында, мағынаның семантикалық мазмұнында (адами қасиет, іс-қимылды бағалау, құбылыс) зерттелді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде мынындай параметрлер талданды: киелі сандар, түрлі сан компоненттерінің қолданылу жиілігі, жағымды-жағымсыз коннотация.

Бұл жұмыстың теориялық негізіне ағылшын тіліндегі фразеологиялық трансформациялардың ұлттық ерекшеліктері туралы қытай, ағылшын, неміс ғалымдарының зерттеулері алынды. Фраземалар мен идиомаларды зерттеу үшін негізгі фразеологиялық бірліктер жинақтаған *The free dictionary by Farlex* атты ағылшын фразеологиялық бірліктерінің сөздігі мен батыс зерттеушілерінің ағылшын тілінің тұрақты сөз тіркестеріне қатысты зерттеу еңбектері басшылыққа алынып, лексикографиялық дереккөз ретінде пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвомәдениеттану әлеуметтік, тарихи және мәдени факторлармен анықталатын тіл мен ұғымдар (рәміздер, бейнелер) арасындағы байланыстарды зерттейді. Әрбір халықтың дүниесінің фразеологиялық бейнесі негізгі ұлттық құндылықтарға негізделеді және метафоралық, бейнелік, құрылымдық, лексика-семантикалық түрлендірулер арқылы мағыналардың импликация механизмдеріне құрылады. Сыртқы оқиғаларды, құбылыстарды және оларға деген қатынасты бейнелеу (экстралингвизм) лингвистикалық құралдарды пайдалана отырып, интралингвалдық деңгейде көрінеді.

«In any language, the characteristic associated with human behavior or emotion continues to be compared with various phenomena, animals, objects, nature, plants and even colors» [6, 336 б.] - дей келе автор ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің аң, зат, табиғат, тіпті түс пен өсімдіктер арқылы жасалатынын баса айтады. Бұған қоса ағылшын тілінде санмен жасалған тұрақты сөз тіркестердің де аса молынан ұшырасатынын байқаймыз. Ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріндегі «one» компоненті «ең мықты» мағынасында қолданылады: «public enemy number one» (қоғамда өзі немесе іс-әрекеті ұнамайтын адам), біреуді немесе бірнәрсені жағымды жағынан сипаттау үшін қолданылады, «one-horse race» (жарыстың басынан-ақ кімнің жеңетіні анық), «go one better than» (бұрын жасалғаннан жақсырақ орындау), «be/get one up on somebody» (елеулі артықшылығы бар), «first past the post» (сайланған кезде дауыс беру жүйесін пайдалану). «First» лексемасы: «first thing early in the morning and first things first» (тым ерте уақыт) мағынасында қолданылуы мүмкін» [7, 28 б.].

Сондай-ақ, ағылшын тілінде «one» саны жағымсыз лингвомәдени танымды да көрсетеді, яғни мас адамды белгілеу үшін қолданылады, «down in one» (бір стақан алкогольді тоқтаусыз ішетін адам), «have one too many» (алкогольді тым көп ішу), «one for the road» (іс-шарадан кетер алдында алкоголь ішу).

«Two» саны бірліктің бұзылуын көрсетеді, екі компоненті бар фразеологиялық бірліктер біріне-бірі қарама-қарсы іс-әрекетті білдіреді: «two (double) edged sword» (жағымды да, теріс те нәтиже әкелуі мүмкін әрекет түрі), «two-way street» (екі тараптың да көмегі қажет болатын жағдай), «two sides of a shield» (бір құбылыстың салдары болып табылатын мәселе немесе жағдайлар арасындағы тығыз байланысты көрсетеді), «it takes two to tango» (екі тарапқа да жауапкершілік жүктеледі). Адамдар, оқиғалар, құбылыстар арасындағы ұқсастықтарды белгілеу үшін де қолданылады: «like two peas in a pod», «two sides of a shield».

«Two» лексемасы бар фразеологиялық бірліктердің жағымды семантикасының берілу жолдары мынандай: «no two ways about it» сенім білдіру), «stand on (one's) own two feet» (өзін-өзі қамтамасыз ету). Бейтарап және позитивті ассоциациялардан өзге, ақымақ адамды сипаттау үшін

«thick as two (short) planks and two sandwiches short of a picnic» идиомасы қолданылады, ал мас адамды сипаттау үшін: «two (or three) sheets to (or in) the wind». Жағымсыз мағыналары: «lesser of two evils» (жаман нәрсе), «of two minds» (шешілмеген мәселе, екі ойлы) [8,39].

Ағылшын тілінде «three» компонентті фразеологизмдердің саны тым аз, бұл сан ағылшын тілінің лингвистикалық мәдениетінде киелі мағына үстемейтіндігімен түсіндіріледі. Дегенмен, жағымды мағынадағы санаулы фразеологиялық бірліктердің құрамында жұмсалады: «three musketeers» (құндылықтары сәйкес келетін жолдастар), «third time lucky» (жолы болу), «three cheers for» (риза болу), «queer as a three-dollar bill» (ерекше дүние), «three-alarm fire» (қызықты дүние туралы), «three cheers» (қолдау,мақтау), «three hots and a cot» (үш мезгіл тамақтандыратын орын) [8, 65 б.].

Ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінде «four» лексемасы да сирек кездеседі. «To the four winds» фразема полисемантикалық қасиетімен ерекшеленеді:

- 1) әлемнің төрт бұрышына шашылу;
- 2) сынып кету,өзін-өзі жоғалту;
- 3) алыс жақта болу;

Кеңістіктік мағыналы фразеологизмдер де зат пен нысананың қашықтығын белгілейді: «four corners of the earth», «four sheets in the wind», «the four corners of the earth», «the four corners of the world».Аталған сандық компонент жағымды,жағымсыз фраземаларда да ұшырасады:«firing on all (four) cylinders» (барша күшін салу), «four-leaf clover» (жетістікке жету), «scattered to the four winds»[8,78].

Ағылшын фразеологизмдеріндегі «five» саны кей қолданыстарда соматизмдермен жасалынып, тілдік қолданыста молынан ұшырасыды :«give me five» адамның жағдаятқа разы еместігін көрсетеді, «five-finger discount» тұрақты сөз тіркесі дүкендердегі ұрлықты бейнелейді. «Fifth column» фраземасы жағымсыз коннотацияда қолданылып, «соғыс кезеңіндегі жауға қарсы ұйымдасқан адамдар тобын» сипаттайды. Сонымен қатар, «The phrase *take five* is an idiom that means to take a short break, usually for five minutes. Its origin can be traced back to the world of jazz music. The expression is closely associated with the jazz saxophonist Paul Desmond and his composition «Take Five», which was recorded by the Dave Brubeck Quartet in 1959» [9, 89 б.].

«Six» компонентіне негізделген тұрақты сөз тіркестерінде жағымсыз мән,теріс мағына басымдық танытады:«at sixes and sevens» (заңсыздық), «hit (or knock) someone for six» (қирату мақсатында әрекет ету), «six feet under» (қайтыс болған және жерленген), «the deep six» (біреуді теңізге жерлеу), «six of the best» (баланы жазалау), «handbags at six paces» (келіспеушілікті сипаттау). Сондай-ақ ,жағымды семантикалық вариация да кездеседі: «six in one, (and) half a dozen in the other» (ұсынылған нұсқалардың бәрі жақсы).

«Seven» саны жағымды коннотацияға негізделеді:«seven-three» (жақсы тілек, қайырымдылық таныту),«in seventh heaven» (жақсы көңіл-

күйде болу), «seven-league boots» (тез жүре алу мүмкіндігі), негативті импликация: «seven-day wonder» (қысқа уақытқа қызығушылық тудыратын адам не құбылыс), «seven-year itch» (жұбайын өзгерту ниеті), «behind seven locks» (өте жақсы жасырылған).

Құрамында «eight» саны бар тұрақты сөз тіркестері әдетте жағымсыз семантикалық мағынада қолданылады: «one over (the) eight» (қатты мас болу), «two and eight» (жайсыз көңіл-күй), «behind the eight ball» (ыңғайсыз жағдайда болу), бейтарап коннотациялар да кездеседі: «eight ways from Sunday» (бар күшімен, жан-жақты).


Ағылшын тілінде «nine» санымен жасалған фразеологизмдер аса жиі кездеседі: «nine to five» (күндізгі жұмыс уақыты). Бұл санның лингвомәдени табиғаты аса жағымды коннотацияға негізделеді: «be as right as ninepence» (дені сау болу), «dressed to the nines» (өте жақсы киінген), «nine lives» (сәттілік). «On cloud nine» тіркесі «in seventh heaven» идиомасымен синонимдес болып, аса рахат сезімде болу мағынасын білдіреді.

Сондай-ақ жағымсыз реңк үстейтін «nine day wonder» (тез жалықтыратын зат немесе адам), «no more than nine pence in the shilling» (ой-санасы кедей адам), «nine-to-five attitude» (өз орнында қалуға құлықсыз қызметкердің жұмысқа деген көзқарасы) мен «nine times out of ten» идиомасы қандай да бір іс – қимылдың жиі орындалуын, аяқталмауын білдіреді.


«Ten» мынандай тұрақты сөз тіркестерінде қолданылады: «count to ten» (өзін – өзі ұстауды сипаттайды, яғни онға дейін санап, өзін-өзі сабырға шақыру), «it's handbags at ten paces» (пікірталас пен төбелеске байланысты сарказмға негізделген сөз тіркесі), «ten-spot» (бәрінің көңілінен шығу мүкін емес), «ten to one» (жақсы нәрсеге мүмкіндік), «take ten» (үзіліс алу), «ten rounds of shit in a five-pound bag» (бір нәрсенің толып, арнасынан асып кетуі).

Төмендегі суреттегі диаграммалар бойынша мақалада талданған бірден онға дейінгі сан компонентті ағылшын фразеологизмдерінің үлесін көреміз (1, 2 суреттер):

From one to five



Сурет 1 – Бірден беске дейінгі сан компонентті ағылшын фразеологизмдерінің сандық үлесі



Сурет 2 – Алтыдан онға дейінгі сан компонентті ағылшын фразеологизмдерінің сандық үлесі

Суреттерде берілген диаграммалардың негізінде ағылшын тілінде кездесетін бірден онға дейінгі сан компонентті фразеологизмдердің қолданылу үлесін көреміз. Яғни, зерттеу барысында кездестірген one компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны тоғыз, two компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны он екі, three компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны жеті, four компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны тоғыз, five компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны төрт, six компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны жеті, seven компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны алты, eight компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны төрт, nine компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны он, ten компоненті арқылы кездесетін фразеологизмдердің саны алты тұрақты тіркесті құрап отыр. Деректер Oxford dictionary of idioms [10], The free dictionary by Farlex атты ағылшын тілінің фразеологиялық бірліктер сөздігінен жинақталды. Нәтижесінде ағылшын тіліндегі бірден онға дейінгі фразеологизмдердің сандық үлесі есептелініп, диаграммаға салынды. Зерттеу жұмысы бойынша диаграмма арқылы сан компонентті фразеологизмдердің сандық үлесі мен қолданылу жиілігін, яғни қай санның фразеологизмдер құрамында жиі немесе сирек қолданылатынын байқай аламыз.

Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі «дюжина», «миллион», «жүз», «мың» лексемалары әлемнің контрастын (молшылық-кедейлік, табыс-жеңіліс) береді. «A dime a dozen» (арзан немесе көп), «a million miles away» (шоғырланбаған), «bat a thousand» (өте табысты болу), «hundred-to-one/million-to-one chance/shot» (табысқа жетуге мүмкіндік жоқ), «hundred/thousand and one» (белгісіздік) мағыналарында қолданылады.

Қорытынды

Сандар әлеміне деген қызығушылық, сандар бойында жасырынған құпияларды шешу-сол ұлт менталитетінің, табиғаты мен танымының сырын ашуға жол ашады. Сандар әлемінде жасырынған деректер мен тың дүниелерді зерттеп,тереңіне үңілу арқылы ұлттық ерекшеліктер айқындалып, лингвомәдени интерпретация жүзеге асады.

«Phraseology is the greatest treasury and the enduring value of any language. It, like a mirror, reflects the history and centuries-old experience of the labor and spiritual activities of the people and their moral values. Phraseology reflects the world of feelings, images, assessments of this or that people, it is most directly connected with the culture of speech production»[11, 222 б.].Ал ағылшын халқының наным-сенімі мен салт- дәстүрінде көптеп кездесетін сан компонентті тұрақты тіркестері этностың болмысынан хабар береді. Г.Н.Смағұлова: «Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [12,148 б.] – дейді. Ұлттық дүниетанымның сыры мен ерекшеліктері ұлт тілі арқылы танылатыны белгілі, ұлттың материалдық тұрмысы, айналасы, рухани көзқарасы тілдегі тұрақты сөз тіркестерінде жасырынғаны анық. Мақаланың зерттеу нысаны болып отырған фразеологиялық бірліктердің коннотациясын анықтау сөйлеушінің сөйлеу субъектісіне қатынасын білдіруге мүмкіндік беретін тілдің эмоционалды-бағалаушы компонентін зерттеу үшін жүргізіледі. Жағымды және жағымсыз коннотацияларды талдау мен іріктеу сол тілде ойлап, сол тілді тұтынатын ұлттың мәдени ерекшеліктерін түсінуге, зерттеленетін тілдегі стереотиптерді анықтауға және олардың әлемді эмоционалды қабылдауын көрсетуге көмектеседі. Жағымды және жағымсыз коннотациядағы фразеологиялық бірліктер ой мен сөзге бейнелеу, экспрессивтілік қосу үшін қолданылады. Жағымды немесе жағымсыз мағынада қолданылатын сан компоненттерін іріктеп, санын шығару жалпы қарастырылып отырған тілдің лингвомәдени танымы мен сипатын зерттеу үшін аса маңызды.

«Cultural life is a complex whole, including knowledge, belief, art, morals, law, and custom. And people, as members of the society, get the ability and habits» [13, 468 б.] – дейді Tylor. Қорыта келгенде, мақала арқылы ағылшын тіліндегі сан компонентті фразеологизмдер, оның ішінде бірден онға дейінгі тұрақты сөз тіркестері сипатталынып, семантикалық мәні ашылып, лингвомәдениеттану пәні аясында зерттеуге ұмтылыс жасалды. Мақаланың зерттеу мақсатын ашып, қойылған міндеттерге жету жолында лингво-семантикалық ,лингвомәдени талдау тәсілі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде ағылшын тіліндегі елу жеті тұрақты сөз тіркесі зерттелініп, жиырма бес фразеологизмнің жағымсыз мәнде, отыз екі фразеологизмнің жағымды мәнде қолданылатыны белгілі болды. Ағылшын тіліндегі сан компонентті фразеологизмдердің лингвомәдени, ұлттық ерекшеліктерін, жағымды-жағымсыздық коннотациясын ашуға талпыныс жасалынды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық – мәдени негізі: фил.ғыл. к. дәрежесі үшін диссертациясы. – Астана, 2010. – 28 б.
- [2] Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: фил.ғыл.канд. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2002. – 37 б.
- [3] Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 303 б.
- [4] Розенталь Д., Голуб И. Русский язык. – М. 2003. – 142 б.
- [5] Кунин А., Курс фразеологии современного английского языка : Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. – Москва: Высш. шк. ; Дубна : Изд. центр «Феникс», 1996. – 85 б.
- [6] Халым Б., Смагулова Г.Н., Абуова А.Т. Қазақ және ағылшын тілдерінде адамның жағымсыз мінезін сипаттайтын фразеологиялық тіркестер // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы . “Филология ғылымдары ” сериясы. – 2023. – No 4 (71). – 336 б.
- [7] Pukaliak M. V. Idioms with Numbers in Modern English // Scientific Bulletin of the International Humanitarian University. – 2018. – № 33 (2). – Pp. 97-100.
- [8] The free dictionary: <https://idioms.thefreedictionary.com/lesser+of+two+evils> 07.02.2025
- [9] Wikipedia. «Take five»: <https://www.npr.org/2010/12/07/131810829/dave-brubecks-time-out-a-rarity-transcending-jazz> 12.08.2024
- [10] Oxford dictionary of idioms by Judith Siefring, second edition. – 2004.
- [11] Kalybayeva K., Odanova S., Tymbolova A., Erchozhina S., Musayeva G. Cognitive linguistic analyses of the phraseological units in modern linguistics // XLinguae. – 2020. – V. 13 (2). – 222 p .
- [12] Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 148 б.
- [13] Tylor E. B. Primitive culture. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 468p

REFERENCES

- [1] Qasymova S. San komponentti maqal-mätelderdñ ülttyq – mädeni negızı [The national-cultural basis of proverbs with a numerical component]: fil. ğyl. k. дәrejesi üşin disertasiy. –Astana, 2010 . – 28 и. [in Kaz.]
- [2] Hazimova Ä. Qazaq frazeologizmderniñ ülttyq-mädeni derekteri [National and cultural data of Kazakh phraseologisms]Ж fil. ğyl.kand. ğyl. kand. diss. – Almaty, 2002 . – 37 b.[in Kaz.]
- [3] Qaidarov Ä.T. Qazaq tılınñ özeıtı mäseleleri [Current issues of the Kazakh language]. –Almaty: Ana tılı, 1998. – 303 b. [in Kaz.]
- [4] Rozentäl D., Golub İ. Ruski iazyk [Russian language]. – М. 2003. –142 s. [in Rus.]

[5] Kunin A. Kurs frazeologii sovremennogo angliiskogo iazyka [Course of phraseology of modern English language]: Ucheb. dlä in-tov i fak. inostr. iaz.]. – Moskva : Vyssh. shk. ; Dubna : Izd. sentr “Feniks”, 1996. – 85 p. [in Rus.]

[6] Khalyim B. Smagulova G.N., Abuova A.T. Kazakh and English phraseological units describing negative character of a person // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series “Philological Sciences”. – 2023. – No 4 (71). – P. 336.

[7] Pukaliak M. V. Idioms with Numbers in Modern English // Scientific Bulletin of the International Humanitarian University. – 2018. – № 33 (2). – Pp. 97-100.

[8] The free dictionary: <https://idioms.thefreedictionary.com/lesser+of+two+evils> 07.02.2025

[9] Wikipedia. «Take five»: <https://www.npr.org/2010/12/07/131810829/dave-brubecks-time-out-a-rarity-transcending-jazz> 12.08.2024

[10] Oxford dictionary of idioms by Judith Siefring, second edition. – 2004.

[11] Kalybayeva K, Odanova S., Tymbolova A., Erchozhina S., Musayeva G. Cognitive linguistic analyses of the phraseological units in modern linguistics // XLinguae. – 2020. – V. 13 (2). – 222 p.

[12] Smağūlova G. Mağynalas frazeologizmderdıñ ūlttyq-mädeni aspektıleri [National and cultural aspects of meaningful phraseological units]. – Almaty, 1998. – 148 b. [in Kaz.]

[13] Tylor E. B. Primitive culture. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 468p.

ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА НУМЕРАТИВНЫХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

*Кыдырмолдина Э.Т.¹, Карбозова Б.Д.², Рыспанова А.А.³, Сойлемез О.⁴

*^{1,2}КазНІТУ имени К.И.Сатпаева, Алматы, Казахстан

³КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, Алматы, Казахстан

⁴Кастамону университеті, Кастамону Түркия

Аннотация. В современном языкознании очень важно раскрыть лингвокультурологическую природу устойчивых словосочетаний. Фразеологизмы представляют собой особую отрасль языкознания, определяющую культуру народа, быт, традиции, обычаи, нравы, мировоззрение. Целью исследования является выявление лингвистических и культурных особенностей английских устойчивых фразеологизмов, выявление положительных и отрицательных коннотаций, образности и метафоричности фразеологических единиц, инспирированных числами от одного до десяти в английском языке. При достижении цели исследовательской работы изучалось несколько научных направлений, а именно: частотность употребления лексем с сакральным значением,

их лексико-семантическое наполнение, стилистические нюансы. В статье определены положительные и отрицательные коннотации, художественные и метафорические особенности фразеологизмов, вдохновленных числами от одного до десяти, в английском языке. Изучены частотность употребления, лексико-семантическое содержание и стилистические оттенки лексем, имеющих сакральное значение. Определен лингвокультурный статус идиом, оценены положительные и отрицательные коннотации, метафорический и образный смысл, выделены ассоциативные связи между функционально-семантическими полями английских идиом. Рассмотрен вопрос эквивалентности фразеологизмов и образования лакун во фразеологической картине мира. В статье проанализированы пятьдесят семь устойчивых словосочетаний с числовыми компонентами в английском языке, из них тридцать два фразеологизмов в положительной коннотации и двадцать пять фразеологизмов в негативной коннотации. Статья может быть использована при сравнительном изучении других языков, при формировании лингвистической структуры устойчивых словосочетаний и индивидуализации лингвокультурализмов в области перевода. Цель исследовательской работы – определить лингвокультурологическую природу английских устойчивых словосочетаний, собрать количество составляющих фразеологизмов английского языка, определить их функционально-семантическое поле. Объектом исследования статьи являются многокомпонентные лексемные константные словосочетания, используемые в лексикографии и изучаемые в лингвокультурологии. В исследовательской работе были описаны числовые фразеологизмы английского языка, включающие словосочетания от одного до десяти, выявлено их смысловое значение, изучены на основе лингвокультурологического анализа фразеологизмов, на когнитивном уровне был собран и дифференцирован запас фразеологизмов, употребляемых в положительном и отрицательном значениях.

Ключевые слова: число, сакральное значение, национальный, фразеология, негатив, позитив, коннотация, частотность

LINGUISTIC NATURE OF NUMERATIVE PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE ENGLISH LANGUAGE

* Kydyrmoldina E.T.¹, Karbozova B.D.², Ryspanova A.A.³, Soylemez O.⁴

^{*1,2} KazNITU named after K. I. Satpaev, Almaty, Kazakhstan

³ Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

⁴ Doctor of philology, Professor, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey

Abstract. In modern linguistics, it is very important to reveal the linguacultural nature of stable phrases. Phrases represent a special branch of linguistics that determines the culture of the people, way of life, traditions, customs, morals, and worldview. The aim of the study is to identify the linguistic and cultural features of English set phraseological units, to identify positive and

negative connotations, imagery and metaphorical nature of phraseological units inspired by numbers from one to ten in the English language. In achieving the goal of the research work, several scientific directions were studied, namely: the frequency of use of lexemes with sacred meaning, their lexical and semantic content, stylistic nuances. The article identifies the positive and negative connotations, artistic and metaphorical features of phraseological units inspired by the numbers from one to ten in the English language. The frequency of use, lexical-semantic content and stylistic shades of lexemes with sacred meaning have been studied. The linguacultural status of idioms is determined, positive and negative connotations, metaphorical and figurative meaning are assessed, associative connections between the functional-semantic fields of English idioms are highlighted. The issue of the equivalence of phraseological units and the formation of gaps in the phraseological picture of the world is considered. The article analyzes fifty-seven phrases with numerical components in the English language which of thirty-two with positive connotation and twenty-five phrases with negative connotation. The article can be used in the comparative study of other languages, in the formation of the linguistic structure of stable phrases and the individualization of linguoculturalisms in the field of translation. The purpose of the research work is to determine the linguacultural nature of English set phrases, collect the number of constituent phraseological units of the English language, and determine their functional-semantic field. The object of the article's research is multicomponent lexeme constant phrases used in lexicography and studied in linguaculturology.

Keywords: number, sacred meaning, national, phraseology, positive, negative, connotation, particularity

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 12.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Кыдырмолдина Эльмира Төлеубекқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты, Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰЗТУ, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0008-3437-5368>, e-mail: elmira_amangeldi@mail.ru

Карбозова Бұлбұл Дәулетханқызы – Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰЗТУ-нің PhD-докторы, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының ассоц. профессоры, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9287-5319>, e-mail: b.karbozova@satbayev.university

Рыспанова Асем Ажихановна – С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ассистенті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-8474-6995>, e-mail: gyspanovasem@mail.ru

Орхан Сойлемез – Кастамону университетінің PhD докторы, профессор, Кастамону, Түркия, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr

Информация об авторах:

Кыдырмолдина Эльмира Толеубеккызы – докторант КазНПУ им.Абая, старший преподаватель КазНИТУ им. К. Сатпаева, кафедры Казахского и русского языков, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0008-3437-5368>, e-mail: elmira_amangeldi@mail.ru

Карбозова Булбул Давлетханкызы – доктор PhD КазНИТУ им. К. Сатпаева, ассоц. проф. кафедры Казахского и русского языков, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9287-5319>, e-mail: b.karbozova@satbayev.university

Рыспанова Асем Ажихановна – магистр педагогических наук, ассистент КазНМУ имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-8474-6995>, e-mail: rysphanovasem@mail.ru

Орхан Сөйлемез – доктор PhD, профессор Университет Кастамону, профессор, Кастамону, Турция, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr

Information about the authors:

Kydyrmoldina Elmira Toleubekkyzy – Master of Philology Sciences, <https://orcid.org/0009-0008-3437-5368>, e-mail: elmira_amangeldi@mail.ru

Karbozova Bulbul Davletkhankyzy – PhD, K. Satpayev KazNRTU, Associate Professor of the Department of Kazakh and Russian Languages, <https://orcid.org/0000-0002-9287-5319>, e-mail: b.karbozova@satbayev.university

Ryspanova Assem Azhihanovna – Master of pedagogy, an assistant, S.D. Asfendiyarov KazNMU, <https://orcid.org/0009-0002-8474-6995>, e-mail: rysphanovasem@mail.ru

Orhan Soilemes – PhD, Professor of Kastamonu University, Kastamonu, Turkey, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr